

«Қазақстан халқына» ҚҚ басқармасының жұмысы туралы 2025 жылғы 16 сәуірдегі жағдайы бойынша ақпарат

Басқарманың 12 бетпе-бет отырысы өткізілді. Басқарма 51 мәселе бойынша қарады және шешім қабылдады.

Басқарма қабылдаған шешімдер:

2025 жылғы 17 қаңтарда «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№1 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына «Тұсау кесер» ҚН қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселе шығарылсын: «Ақтөбе, Қостанай, Орал қалаларында» 3-кезең.
- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына «Қазақстан Республикасында онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспар» шеңберінде 4 медициналық ұйымды жабдыктармен жабдықтауға ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің өтінімін қарау туралы» мәселе шығарылсын.
- дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша орфандық аурулары бар 14 (он төрт) ҚР азаматтарына қайырымдылық көмек көрсетілсін.
- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына Маңғыстау облысында «Аутизмі және басқа да менталды ауытқулары бар балаларға арналған орталықтарды жабдықтау» қайырымдылық жобасын іске асыру мерзімін ұзарту туралы» мәселе мақұлдансын және шығарылсын.
- «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру бойынша «Білім беруді тұрақты дамыту қоры» ҚБ-дан келіп түскен өтінім бойынша бағдарламаны/жобаны әзірлеудің орындылығы туралы. Мынадай өтінімдер бойынша бағдарламаларды/жобаны әзірлеудің орынсыздығы туралы: 1) «University Medical Center» корпоративтік қоры; 2) «Шығыс Қазақстан кітапханашылар қауымдастығы» ҚБ; 3) «Ядролық медицина және онкология орталығы» ШЖҚ КМК.
- «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ 2 курс студенті Естөре Худайбергенович Изтургановті «Қаржы» факультетінен «Мемлекеттік және жергілікті басқару» факультетіне, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» АҚ 1-курс студенті Жандосұлы Саинды «Алматы гуманитарлық-экономикалық университетіне, «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің КеАҚ 2-курс студенті Ақбота Асылбекқызы Ермекті «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ-ға ауыстыру кезінде Қордың білім беру гранты сақталсын; «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ 3-курс студенті Саннат Рахатовты «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» КеАҚ-на ауыстыру кезінде грантты сақтаудан бас тартылсын.
- Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі «Күрес түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК директорының орынбасары – Есет Қалидоллаұлы Байтасов Қор жанындағы Білім, мәдениет және спорт мәселелері жөніндегі сараптама комитетінің құрамына енгізілсін. Көрсетілген құрамнан Сараптама комитеті төрағасының орынбасары- Серік Жұманғалиұлы Сапиев шығарылсын.
- «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы» мәселе Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына және бекітуіне шығарылсын.

2025 жылғы 31 қаңтарда «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№2 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- Қазақстанның шағын қалаларының әлеуметтік саласын дамыту бойынша «Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» тұжырымдамасы бекітілсін; «Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» тұжырымдамасын іске асыру алгоритмі бекітілсін; «Шағын қалалар – үлкен

мүмкіндіктер» тұжырымдамасын іске асыру үшін болашақ түсімдер есебінен лотерея операторынан («Сәтті Жұлдыз» АҚ) ақшалай жарналарды пайдалану мүмкіндігі мақұлданып; лотерея операторынан («Сәтті Жұлдыз» АҚ) «Шағын қалалар - үлкен мүмкіндіктер» тұжырымдамасын іске асыру үшін 2024 жылғы жарналар есебінен 1,7 млрд теңге мөлшерінде ақшалай жарналарды пайдалану мүмкіндігі мақұлданып.

- ауылдық жерлерде, моно - және шағын қалаларда жылдам салынатын модульдік спорт залдарын орнату және «Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» тұжырымдамасы арқылы спорттық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тәсілдерді іске асыру шеңберінде елді мекендер мен донор-серіктестер 2025 жылдың 1-тоқсанында бекітілсін.

- 2023 ж. 26.07. № 09-02-03-321 тапсырма шартының 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес «Endowment Qazaqstan Halqyna» нысаналы капиталды (эндаументті) басқару компаниясы» корпоративтік қоры (бұдан әрі - Корпоративтік Қор) «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасы бойынша 2024-2025 оқу жылының екінші семестріне студенттердің оқу ақысын төлеу үшін 736 541 947,16 теңге мөлшерінде қаражатпен қамтамасыз етілсін.

- «Абай Мырзахмтов атындағы Көкшетау университеті» мекемесінің 1-курс студенті Ерден Бүркіт Қайратұлын «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік-Қазақстан университеті» КеАҚ-ға ауыстыру кезінде Қордың білім беру грантын сақтаудан бас тартылсын.

- «Садақ ату» параспортты дамыту ҚН» қайырымдылық жобасы бекітілсін.

- «Үстел тенісі» ҚН параспортты дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілсін.

- «ҚН балалар нейрохирургиялық қызметін дамыту» қайырымдылық жобасын іске асыру туралы ақпаратты назарға алынсын; «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының «ҚН балалар нейрохирургиялық қызметін дамыту» Астана қаласындағы «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамында гибриді операциялық бөлмесін жасау» қайырымдылық жобасын іске асыру шеңберінде 2023 жылғы 21.12. № 09-02-3-386 «толық дайын» түріндегі құрылыс мердігерлік шартына қосымша келісім жасалсын; жеткізілген жабдықты гибриді операциялық бөлме пайдалануға берілгенге дейін және үй жай толық дайын болғаннан кейін оларды кейіннен гибриді операциялық бөлмеге бергенге дейін нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға рұқсат етілсін; Нейрохирургия орталығы жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау және ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін «ҚН балалар нейрохирургиялық қызметін дамыту» қайырымдылық жобасы шеңберінде гибриді операциялық бөлмеге үй-жай дайындауға байланысты қызметтер көрсету шартын жасасын.

- «ҚН Демеу-Қарағанды» қайырымдылық жобасының атауы «ҚН Үлес – Қарағанды» қайырымдылық жобасы атауына өзгертілсін.

- дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша орфандық аурулары бар ҚР 10 (он) азаматына қайырымдылық көмек көрсетілсін.

- Золгенсма (Онасемноген абепарвовек) дәрілік затымен қамтамасыз ету бойынша «1 типті жұлын бұлшықет атрофиясы» диагнозымен 26.06.2024 ж.т. балаға қайырымдылық көмек көрсетілсін.

- Қоғамдық қордың Қамқоршылық кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің Төрағасына тоқсан сайынғы сыйақы айқындалсын. Сыйақы төлеуге арналған қаражат 2025 жылға арналған Қоғамдық қордың Әкімшілік бюджетінің «Өзге де көрсетілетін қызметтер» шығыстарының бабы есебінен көзделсін.

2025 жылғы 19 ақпанда «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№3 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына «Сирек кездесетін, ауыр және өмірге қауіп төндіретін (орфандық) аурулардан зардап шегетін пациенттерді дәрілік заттармен қамтамасыз ету тәсілдері туралы» мәселе шығарылсын.

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына «QH 100 балалар спорт залы» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселе шығарылсын.
- Комитет Төрағасы ретінде Муканов Ролан Каиржанович Комитеттің дербес құрамына енгізілсін. Комитеттің көрсетілген құрамынан – Елшибеков Серикбек Кенесбекович шығарылсын.
- «QH Ұлытау - Мейірім» қайырымдылық жобасын іске асыру және Қостанай облысы Әуликөл ауданында өртеніп кеткен «Достық» балалар спорттық-сауықтыру лагерінің орнына жаңа 150 орындық балалар спорттық-сауықтыру лагерін салу үшін көрсетілген қайырымдылық көмек сапасының түпкілікті мониторингі бекітілсін.
- Қордың Қамқоршылық кеңесінің отырысына «QH Ұлытау - Мейірім» қайырымдылық жобасын іске асыру және Қостанай облысы Әуликөл ауданында өртеніп кеткен «Достық» балалар спорттық-сауықтыру лагерінің орнына жаңа 150 орындық балалар спорттық-сауықтыру лагерін салу үшін көрсетілген қайырымдылық көмек сапасының мониторингі туралы ақпарат шығарылсын.
- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына және бекітуіне «Қостанай облысы Әуликөл ауданында өртеніп кеткен «Достық» балалар спорттық-сауықтыру лагерінің орнына жаңа 150 орындық балалар спорттық-сауықтыру лагерін салу үшін қайырымдылық көмек көрсету туралы түпкілікті есепті бекіту туралы» мәселе шығарылсын.

2025 жылғы 26 ақпанда «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№4 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- Қор Басқармасының 2023 жылғы 19 қаңтардағы шешімімен (№2 хаттама) бекітілген «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының орфандық (сирек кездесетін) аурулар кезінде дәрілік препараттармен қамтамасыз ету шеңберінде қайырымдылық көмек көрсету қағидаларына қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
- дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша орфандық аурулары бар 5 (бес) ҚР азаматына қайырымдылық көмек көрсетілсін.
- Қостанай облысының шағын жиынтықты мектептерін әдіснамалық сүйемелдеу бойынша тендерде бірге өтініш беруші - «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» халықаралық қоғамдық қоры жеңімпаз деп айқындалған жағдайда, «Jelken Foundation» ҚҚ-дан «Қостанай облысындағы шағын жиынтықты мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру бойынша келіп түскен бағдарламаны/жобаны әзірлеудің орындылығы туралы.
- келесі өтінімдер бойынша бағдарламаларды/жобаны әзірлеудің орынсыздығы туралы:
 - 1) ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер кітапханасы» КММ;
 - 2) ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМҚ.

2025 жылғы 05 наурызда «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№5 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына және бекітуіне «QH Қарағанды облысында жабдықпен жарақтандыру бөлігінде онкологиялық қызметті дамыту» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселе шығарылсын.
- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына «Қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы 29 мамырдағы шешімімен (№36 хаттама) бекітілген Жылдам салынатын модульдік спорт залдарын орнату арқылы ауылдық жерлерде, моно және шағын қалаларда спорттық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тәсілдерге өзгерістер енгізу туралы» мәселе шығарылсын.

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына «QH Қарағанды облысының Балқаш қаласында ангар үлгісіндегі жылдам салынатын модульдік спорт залын орнату» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселе шығарылсын.

- дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша орфандық аурулары бар 16 (он алты) ҚР азаматына қайырымдылық көмек көрсетілсін.

- Препараттың алынып тасталуына байланысты Б.А. Жарасовты қамтамасыз ету үшін (Жамбыл облысы) сатып алынған препараттың талап етілмеген көлемін қайта бөлу арқылы (Басқарманың 2022 жылғы 21 маусымдағы шешімі, №26 хаттама) «Крон ауруы. Paris: Alb, L1, B2. G0. PCDAI 0 балл. Баугин жапқышының стенозы. Гастроптоз. Трансверзоптоз» диагнозы қойылған 21.06.2009 ж.т. Бяй Даниилге 3 387 014,6 теңге сомасына 20 құты мөлшерінде «Инфликсимаб» (Ремсима) препаратымен қайырымдылық көмек көрсетілсін.

2025 жылғы 13 наурызда «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№6 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- «QH Жігер» және «QH Қарағанды облысында пульмонологиялық қызметті дамыту» қайырымдылық жобаларын іске асыру сапасының түпкілікті мониторингі бекітілсін. Қордың Қамқоршылық кеңесінің отырысына «QH Жігер» және «QH Қарағанды облысында пульмонологиялық қызметті дамыту» қайырымдылық жобаларын іске асыру сапасының мониторингі туралы ақпарат шығарылсын.

- «79 тірек мектептерде KiVa буллингке қарсы бағдарламасын сүйемелдеу» және «56 тірек мектептерде KiVa буллингке қарсы бағдарламасын енгізу» жобаларын іске асыруға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-дан келіп түскен қаралған өтінімдер негізінде әзірлеудің орындылығы туралы.

- Ақмола облысының шағын жиынтықты мектептерін әдіснамалық сүйемелдеу бойынша тендерде бірге өтініш беруші - «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» халықаралық қоғамдық қоры жеңімпаз деп айқындалған жағдайда, «Jelken Foundation» ҚҚ-дан «Ақмола облысындағы шағын жиынтықты мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын іске асыруға келіп түскен өтінім негізінде бағдарламаны/жобаны әзірлеудің орындылығы туралы.

- «Зияткерлік даму ерекшеліктері бар адамдарға арналған спорт федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің 2025 жылғы 05 наурыздағы №01-01/38 өтінімі бойынша қайырымдылық көмек көрсетілсін. Қоса беріліп отырған «QH зияткерлік даму ерекшеліктері бар адамдар үшін спортты дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілсін.

- дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша орфандық аурулары бар 8 (сегіз) ҚР азаматына қайырымдылық көмек көрсетілсін.

2025 жылғы 18 наурызда «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№7 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешім қабылданды:

- дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша орфандық аурулары бар 4 (төрт) ҚР азаматына қайырымдылық көмек көрсетілсін.

2025 жылғы 26 наурызда «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№8 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- «Қызылорда қаласында Сырдария өзенінің сол жағалауында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу» жобасын іске асыруға «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» КММ-ден келіп түскен өтінім негізінде бағдарламаны/жобаны әзірлеудің орындылығы туралы.

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына және бекітуіне «QH Қызылорда қаласында Сырдария өзенінің сол жағалауында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселе шығарылсын.

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына және бекітуіне «QH Қостанай облысының шағын жиынтықты мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселе шығарылсын. «QH Қостанай облысының шағын жиынтықты мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасын қаржыландыру көзі: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ бөлген қаражат.

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына және бекітуіне «QH «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту (3-кезең)» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселе шығарылсын. «QH Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту (3-кезең)» қайырымдылық жобасын қаржыландыру көзі: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ бөлген қаражат.

- «2024 жылы мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасын іске асыру сапасының түпкілікті мониторингі бекітілсін. Қордың Қамқоршылық кеңесінің отырысына «2024 жылы мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасын іске асыру сапасының мониторингі туралы ақпарат шығарылсын.

2025 жылғы 31 наурызда «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№9 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша орфандық аурулары бар 4 (төрт) ҚР азаматына қайырымдылық көмек көрсетілсін.

- «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының жұмыскерлерінің еңбегіне төлеу, оларға әлеуметтік қолдау көрсету және сыйлықақы беру туралы қағидалар бекітілсін.

- мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- Қоғамдық қор Басқармасының 2022 жылғы 17 мамырдағы шешімімен (№21 хаттама) бекітілген «Қазақстан халқына» ҚҚ жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларға әлеуметтік қолдау көрсету туралы қағидалар.

- Қоғамдық қор Басқармасының 2023 жылғы 17 наурыздағы шешімімен (№14 хаттама) бекітілген «Қазақстан халқына» ҚҚ жұмыскерлеріне сыйлықақы беру туралы ереже.

2025 жылғы 10 сәуірде «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№10 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына және бекітуіне «QH Ақмола облысының шағын жиынтықты мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселе шығарылсын. «QH Ақмола облысының шағын жиынтықты мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасын қаржыландыру көзі: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ бөлген қаражат.

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына және бекітуіне «QH Қарағанды облысында пульмонологиялық қызметті дамыту» қайырымдылық жобасы бойынша түпкілікті есепті бекіту туралы» мәселе шығарылсын.

- дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша орфандық аурулары бар 20 (жиырма) ҚР азаматына қайырымдылық көмек көрсетілсін.

2025 жылғы 11 сәуірде «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№11 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- 2025 жылғы 1 тоқсандағы жұмыс қорытындылары бойынша Қоғамдық қор жұмыскерлеріне сыйлықақы беру коэффициенті белгіленсін.

2025 жылғы 16 сәуірде «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы (№12 хаттама) өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына және бекітуіне «QH Қостанай және Қарағанды облыстарында жабдықпен жарақтандыру бөлігінде онкологиялық қызметті дамыту» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселе шығарылсын.

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына «2025 жылдың I жартыжылдығына орфандық аурулары бар азаматтар үшін дәрілік препараттарды сатып алуға арналған қаржыландыру лимитін бекіту туралы» мәселе шығарылсын.

- Білім, мәдениет және спорт саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығы Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына енгізу мақсатында Қамқоршылық кеңестің 2024 жылғы 13 мамырдағы шешімімен (№57 хаттама) бекітілген «QH Батыс Қазақстан облысында ауылдық кітапханалар базасында «Жаңа клуб/ Jaña klub» комьюнити орталықтарын (қоғамдық орталықтарды) құру» қайырымдылық жобасына кейбір тауарлар бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жобаны дайындасын.
